

## Қарағанды облысы Теміртау қаласының шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 243 қаулысы.

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексі 13-бабының 5) тармақшасына және 108-бабының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қарағанды облысы Теміртау қаласының шекарасын (шегін) өзгерту туралы "Қарағанды облысының Теміртау қаласы мен Бұқар жырау ауданының шекарасын (шегін) Бұқар жырау ауданы жерінің жалпы ауданы 902 гектар бөлігін облыстық маңызы бар Теміртау қаласының шекарасына (шегіне) беру жолымен өзгерту туралы ұсынысты Қазақстан Республикасының Үкіметіне келісуге енгізу туралы" Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 27 шілдедегі № 551 және Қарағанды облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 маусымдағы № 40/04 бірлескен шешімі мен қаулысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 15 сәуірдегі  
№ 243 қаулысына  
қосымша

## Қарағанды облысы Теміртау қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын Бұқар жырау ауданының жер бөліктерінің экспликациясы

Р/ с №	Ауданның атауы	Теміртау қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын жердің ауданы (гектар)	Оның ішінде		
			ауыл шаруашылығы алқаптары		елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің) жерлері
			егістік	жайылым	
1	2	4	5	6	7
1	Теміртау қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын жерлердің жалпы ауданы,	902	-		159

Бұқар Жырау ауданы жерлерінің бөлігі, оның ішінде			743	
Самарқанд а/о	37	-	23	14
Қызылқайың а/о	865	-	720	145

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК